Жамбыл облысы бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Жамбыл облыстық мәслихаты депутаттарын сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссияларының босаған орындарын қалыптастыру жөніндегі «уақытша жұмысшы комиссия» отырысының

Х А Т Т А М А С Ы

Тараз қаласы **№2** 12 қазан 2026 жыл

Қатысқандар: Абдукасымов Д.Р., Джунусова Ф.А., Байшекеев Р.Д., Тұрлықұлова М.М., Календеров С.С., Өнетаев Ж.Ж.

Күн тәртібі:

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Жамбыл облыстық мәслихаты депутаттарын сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссияларының босаған орындарына ұсынылған кандидаттар туралы.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Жамбыл облыстық мәслихаты депутаттарын сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссияларының босаған орындарына сайлау өткізу жөніндегі уақытша жұмысшы комиссияның төрағасы Д.Абдукасымов аталған сайлау комиссияларының құрамына саяси партиялардан 8 кандидат, ал қоғамдық бірлестіктердер 5 кандидаттар ұсынылғандығын айта отыра, алдағы атқарылатын жұмыстар бойынша қысқаша баяндама жасады.

Комиссия төрағасы Д.Абдукасымов аталған комиссияның құрамына мүшелікке ұсынылған кандидатты Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Конституциялық Заңының 10,19 баптарына сәйкестігін анықтау мақсатында, Жамбыл облысы бойынша ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасына арнайы есеп бойынша тексеруден өткізу қажеттігін атап өтті. Ұсыныс бір ауыздан қолданды.

Жұмысшы комиссияның төрағасы Д.Абдукасымов Жамбыл облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамына саяси партиялардан немесе өзге қоғамдық бірлестіктерден 12.10.2026 жылы ұсыныстар қабылдау мерзімінің аяқталғаны жөнінде атап өтіп, түскен ұсыныстарды зерделеп, өндеу үшін ұсынды.

Аталған комиссиялардың мүшелігіне ұсынылған кандидаттардың құжаттары ҚР «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының нормаларына сәйкестігі анықталып, комиссия

төрағасы ұсынылған кандидаттарды сайлау үшін сессияның қарауына енгізуді ұсынды.

Осы жоғарығыларды ескере және талқылай келе жұмысшы комиссия **шешім етті:**

1. Комиссия мүшелігіне ұсынылған кандидаттар Жамбыл облысы бойынша ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасына арнайы есеп бойынша тексеруден өткізілді.

2. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Жамбыл облыстық мәслихаты депутаттарын сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссияларының босаған орындарына ұсынылған кандидаттарды сайлау үшін сессияға енгізу ұсынылсын.

3. Осы хаттаманың орындалуы комиссия хатшысы Р.Байшекеевке жүктелсін.

Комиссияның төрағасы: **Д.Абдукасымов**

Комиссия хатшысы: **Р.Байшекеев**

Комиссия мүшелері: **Ф.Джунусова**

М.Тұрлықұлова

С.Календеров

Ж.Өнетаев